

# Жобалау әдістемесі түсінігі және тарихы

- «Жоба», «жоба әдістемесі» ұғымы.
- Жоба әдістемесінің тарихы

- Жобалау – «proicere» деген латын сөзі. Бұл сөз «жоспарлау, дайындау» сияқты мағынаны немесе жоспардың жүзеге асырылуын білдіреді. «Жоба» ұғымы педагогика саласында ғана емес экономика, басқару, зерттеу салаларында да кеңінен қолданылатыны белгілі. Мысалы: құрылыс жобасы, зерттеу жобасы, оқыту жобасы т.б.

- **Жоба әдісі** оқушылардың бір проблеманы шешуін талап етеді. Ал проблеманы шешу үшін олар бір жағынан әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданса, екінші жағынан әр түрлі пәндерден алынған білімнің интеграциясын пайдалануы керек. Демек, жоба әдісі оқушылардың білімділік ситуацияға түсіп, өз проблемаларын іздеп, тауып, шешуі, өзіндік жұмыстарын, іс-әрекетін ұйымдастыруы.

# Жобалау әдісінің тарихы:

- Жобалап оқыту технологиясы өткен ғасырдың басында АҚШ-та дүниеге келген. Оны проблемалар әдісі деп те атаған, америка философы әрі педагогы *Дж. Дьюи*, және оқушысы У.Х. Килпатри ойлап тапты. Дж. Дьюи оқудың белсенді формасын ұсынды. Бұл жерде өмірден алынған проблема қажет, ол бала үшін маңызды әрі таныс болуы керек, оны шешу үшін өз білімін пайдалана алатындай болу керек.

- Жобалап оқыту технологиясы орыс педагогтарының да назарын аударған. Жобалап оқыту идеясы Россияда Америка педагогтарымен параллель келген. Орыс педагогы *С.Т. Шацкий* 1905 жылы оқу үрдісінде жобалап оқыту технологиясын пайдаланды. Кейін Совет үкіметі тұсында бұл әдіс кең қолданылған, бірақ қалай пайдалану керек екендігі аяғына дейін ойланып, ұйымдастырылмады. 1917 жылы жас совет үкіметінің өз проблемалары: экспроприация, индустриализация, коллективизация... болды. 1931 жылы ЦК ВКП(б) қаулысымен жобалап оқыту технологиясы сынға алынып, қолдануға тиым салынған.

